

Кіріспе

Осы есеп «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның (ҚМГ БӨ, Компания) 2015 жылы мемлекеттік бюджетке жасаған аударымдарына жалпы шолу болып табылады, және Ұлыбританияның 2014 жылғы мемлекеттік бюджетке төлемдер туралы Ережелерге (2015 жылғы желтоқсанда енгізілген өзгерістерімен) сәйкес әзірленді. Бұл Ережелер өзгерістер мен толықтыруларын қоса алғанда 2013 жылғы Есептілік туралы нұсқаулардың «Мемлекеттік бюджетке төлемдер жөніндегі есептілік туралы» Актінің 10-тарауының ережелеріне негізделген. Осы Ережелерге сәйкес, Ұлыбританияда тіркелген мұнай-, газ-, тау-кен өндіру және ағаш дайындау компаниялары жыл сайынғы негізде елдер және жобалар бойынша мемлекеттік бюджетке төлемдер туралы ақпараттарды ашуы тиіс.

Ашу жөніндегі міндеттеме өндіруші компания ретінде, бағалы қағаздары Ұлыбританияның және Ұлыбритания кімнің «мемлекеттік шығу тегі болып табылатын» ұйымдастырған бағалы қағаздар рыногында айналымда тұрған ҚМГ БӨ-ге қолданылады. Бұл қағида Компанияда Ұлыбританияның қаржылық ұйымдарының қызметін бақылау жөніндегі инспекцияға сәйкес қолданылады және эмитенттің акциялары жұртшылыққа алғаш ұсынылған, не онда эмитент алғаш рет өзінің бағалы қағаздарын реттелетін рынокқа саудаға салуға рұқсат алуға өтінім берген ЕК-ның елін анықтау жолымен айқындалады.

Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ, Компания) «Өзенмұнагаз» АҚ (ӨМГ) мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ны (ЕМГ) біріктіру жолымен 2004 жылдың наурызында құрылды.

Компания көмірсутегі шикізатын барлаумен, өңдеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және оның экспортымен, сондай-ақ мұнайгаз активтерін сатып алумен шұғылданады. Компанияның акциялары мен ауқымды депозитарлық қолхаттары Қазақстан мен Лондонның қор биржаларында айналымда тұр. Компанияның негізгі акционері Қазақстанның мұнайгаз өнеркәсібінде мемлекеттік мүдделерді білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ болып табылады. Компанияның мұнайгаз активтерінің негізгі қызметі Каспий жағалауы ойпатында, Маңғыстау және Оңтүстік Торғай мұнайлы бассейндерінде жүзеге асырылады.

2015 жылдың қортындылары бойынша Қазақстанда мұнай өндірудің ауқымы бойынша көшбастаушылар үштігіндегі позициясын сақтады. «Қазгермұнай» БК» ЖШС (КГМ), CCEL және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерді ескергенде Компанияның өндіру ауқымы 2015 жылы 12 351 мың тонна мұнайды (тәулігіне 251 мың баррелді құрады).

Компания өзінің негізгі қызметін 100%-дық еншілес ұйымдары «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ арқылы жүзеге асырады. Оның үстіне, Компания басқа да еншілес ұйымдарға иелік етеді, бірлесіп бақыланатын компанияларда ассоциацияланған компаниялардың және Компанияның бақылаудағы және бақылаудағы емес қатысу үлесі бар негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты емес басқа да компанияларда үлестері бар.

ҚМГ БӨ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екендігін түсіне отырып, бұл ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы

қоршаған ортаны сақтау үшін жұртшылықтың алдындағы өзінің жауаптылығын түсінеді.

Бұл есеп 2015 жылы мемлекеттік органдардың пайдасына ақша қаражатының аударуларын көрсетеді.

Есеп беруші компаниялар

Осы есеп Компания мен оның еншілесі ұйымдары және тәуелді акционерлік қоғамдар (ЕТҰ), оның ішінде бірлескен кәсіпорындар (БК) мен ассоциацияланған компания барлаумен, пайдалы қазбалар іздестірумен, мұнай мен газ барлаумен және өндірумен байланысты қызметтері үшін жүргізген бюджетке аударымдар туралы ақпаратты қамтиды.

Есепті кезең және есептің шектері

2015 жыл есепті кезең болып табылады.

Есептілік жүйесін пайдалану бюджетке төлемдер бойынша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді, Компанияның мемлекеттік органдарға төлем саласындағы ашықтықты арттыруға, өндіруші компаниялардың сектордан кірістер алу мәселелеріндегі жауаптылығын күшейтуге, жұртшылықтың Компанияның қызметі туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған, сондай-ақ есепті мұнайгаз саласындағы жетекші халықаралық компаниялардың есептерімен салыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылдан бастап, Компания жыл сайын ықтимал оқушының назарына қолданымды заңнама мен ақпараттарды ашудың үздік практикаларына сәйкес мемлекеттік органдардың пайдасына аударымдар бойынша есептерді даярлайды және ұсынады.

Есептің шеңберінде Компанияның, Компания үстінен бақылайтын екі өндірістік компания – «ӨМГ» АҚ мен «ЕМГ» АҚ-ның, басқа да негізінен мұнай сервистік қызмет көрсететін 100% еншілес компаниялардың, сондай-ақ Қазгермұнай БК ЖШС (ҚГМ) мен Ural Group Limited (УГЛ) бірлескен компаниялардың және Петроқазақстан Инк (ПКИ) ассоциацияланған компанияның қызметі қарастырылған. KS EP Investments BV бірлескен кәсіпорны 2015 жылы бұл инвестицияның толық құнсыздануы себебінен бұл есепке енгізілмеген.

Үкімет

Үкімет жергілікті атқарушы органдарды (әкімдіктер), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер департаментін, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарды қамтиды.

Компаниялар

Компаниялар ретінде осы есепте олардың ақша аударымдары бойынша деректері бар компаниялар түсініледі.

Мемлекеттік органдардың пайдасына аударымдар

Ақпарат аударымдардың мынадай түрлері бойынша бөліп көрсетілген:

Салықтар

Резидент еместерге салынатын корпоративтік табыс салығын, қосымша құн салығын, мүлікке, көлікке және жерге салынатын салықты, сондай-ақ жалақыдан салықтар мен аударымдарды (жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық, міндетті зейнетақы және әлеуметтік аударымдар), және Компанияның негізгі қызметінен алынатын табысқа қатысы жоқ өзге де салықтардан басқа барлық салықтар.

ПҚЭС

Пайдалы қазбалар өндіруге арналған салық жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының аумағында минералдық ресурстар, мұнай, жерасты сулары мен емдік балшық өндірудің әр түрі бойынша жеке-жеке міндетті төлемі болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең ішінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсаты мен табиғи газдың нақты көлемі пайдалы қазбалар өндіруге арналған салық салудың объектісі болып табылады.

Коммерциялық анықтап-табудың бонусы

Коммерциялық анықтап-табудың бонусын жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық аумақта пайдалы қазбаларды әрбір коммерциялық анықтап-табу, оның ішінде кен орындарын қосымша барлау жүргізудің барысында анықтап-табу үшін пайдалы қазбалар өндіруге және (немесе) бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың шеңберінде төлейді.

Инфрақұрылымдарды жақсартқаны үшін төлемдер

Инфрақұрылымды жақсартқаны үшін төлемдерге аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар жатады. Негізінен келісімшарттық міндеттемелерден тұрады.

Келісімшарттық міндеттемелерге әлеуметтік бағдарламалар қорына аударымдар, экологиялық қор және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес мамандарды оқыту жөніндегі міндеттемелер кіреді. Алайда, осы есептің мақсаттары үшін мамандарды оқыту жөніндегі міндеттемелер алып тасталған, себебі бұл төлемдер мемлекеттің пайдасына іске асырылмайды.

Басқалары

Шикі мұнайдың экспорты жөніндегі экспорттық кедендік баж (ЭКБ) үшін төлемдер

Валюта

Есеп функционалдық валюта және Компанияның қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгеде («теңге») ұсынылған. Шетелдік валютамен операциялар бастапқыда операция күніне қолданымдағы бағам бойынша функционалдық валютада есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы функционалдық валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

ЕТҰ

Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары:

- 1) ӨМГ
- 2) ЕМГ
- 3) «КРУЗ» ЖШС
- 4) «Жөндеу» ЖШС
- 5) «Кен-Құрылыссервис» ЖШС
- 6) «KMG EP – Catering» ЖШС
- 7) «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС
- 8) «Су өндіру және тасымалдау жөніндегі басқарма» ЖШС
- 9) «Бұрғылау жұмыстары және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС
- 10) Coöperatieve KMG EP U.A.
- 11) ҚМГ БӨ «Барлау активтері» ЖШС
- 12) «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС

Байланыс деректері

2015 жылға арналған бюджетке аударымдар жөніндегі есеп, сондай-ақ Компанияның қызметі туралы қосымша ақпараттар www.kmgep.kz корпоративтік веб-сайтында орналастырылған.

Осы есепте көрініс тапқан ақпаратқа байланысты мәселелерді: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 17, Корпоративтік хатшы қызметі мекен-жайы бойынша жолдауға болады.

Тел. +7 7172 97 79 54

Email: L.Nurmagambetova@kmgep.kz

1. 2015 ЖЫЛЫ ЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП (млн теңге)

	Салықтар	ПҚӨС	Коммерциялық анықтап-табу бонусы	Инфрақұрылымды жақсарту үшін төлемдер	Басқалары	Жиыны
Үкімет (ел):						
Қазақстан	200 252	73 870	2 934	1 790	77 462	356 308

2. 2015 ЖЫЛЫ БЮДЖЕТКЕ АУДАРЫМДАР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП (млн теңге)

	Салықтар	ПҚӨС	Коммерциялық анықтап-табу бонусы	Инфрақұрылымды жақсарту үшін төлемдер	Басқалары	Жиыны
Үкімет (әкімдіктерді қоса алғанда)				1 573		1 573
Мемлекеттік кіріс департаменті	200 252	73 870	2 934	217	77 462	354 734
ЖИЫНЫ:	200 252	73 870	2 934	1 790	77 462	356 308

3. КОМПАНИЯЛАР БОЙЫНША 2015 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП (млн теңге)

	Салықтар	ПҚӨС	Коммерциялық анықтап-табу бонусы	Инфрақұрылымды жақсарту үшін төлемдер	Басқалары	Жиыны
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ЕТҰ қосқанда)	144 809	66 486	1 619	1 215	63 127	277 255
ҚҒМ*	28 117	4 267	0	358	6 669	39 411
УОГ**	0	0	1 315		33	1 348
ПҚИ***	27 326	3 117	0	217	7 634	38 294
ЖИЫНЫ:	200 252	73 870	2 934	1 790	77 462	356 308

* ҚҒМ шығыстардағы үлесі 50%

**УОГ шығыстардағы үлесі 50%

***ПҚИ шығыстардағы үлесі 33%